

## Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 2025 жылғы жұмысы туралы есебі

Есептік кезеңде Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің (бұдан әрі – *Архив*) қызметі «Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві» республикалық мемлекеттік мекемесін көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі №660 Жарлығын (бұдан әрі – *Жарлық*), Архивтің 2035 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын, Архивтің 2022–2025 жылдарға арналған жұмыстың Стратегиялық жоспарының тармақтарын, сондай-ақ Архивтің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын (бұдан әрі – *Жоспар*) іске асыруға бағытталды.

Есептік кезеңде Архивтің Астана қаласындағы мамандандырылған ғимаратын пайдалануға енгізу бойынша кешенді іс-шаралар жүзеге асырылып, қорларды қайта орналастыру жұмыстары жүргізілді. Оның барысында Тәуелсіздік кезеңіне жататын 225 950 архив ісі (22 814 архив қорабындағы 59 қор), сондай-ақ кітап қорының 9 918 бірлігі толық көлемде жеткізілді. Архивтің 29 қызметкерін Астана қаласына қайта орналастыру жұмыстары ұйымдастырылды, оның ішінде 17 қызметкерге пәтер, тұрғын үйге мұқтаж 10 қызметкерге ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жатақханасынан бөлмелер берілді. Жаңа ғимараттың республикалық және халықаралық деңгейдегі таныстырылымын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар іске асырылды.

Іс-шараларды іске асыру туралы қорытынды ақпарат ҚР Президентінің Әкімшілігіне 2025 жылғы 11 шілдедегі № 01-0/402-И хатымен жолданды.

2025 жылға арналған жұмыс жоспарының, оның ішінде Архивтің 2022-2025 жылдарға арналған жұмысы жөніндегі Стратегиялық жоспарының 42 тармағын қамтитын барлығы 85 тармақтың орындалуы бойынша келесіні хабарлаймыз.

**«Архив қорларының сақталуын қамтамасыз ету» бағыты бойынша** Жоспардағы барлық 10 тармақтың көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

Мемлекеттік сақтауға қабылдаудың жоспарлы көрсеткіші 13 500 сақтау бірлігі болғанымен, 25 439 сақтау бірлігі қабылданды. Жоспарға қосымша ретінде Президент Әкімшілігінің 2015-2016 жылдардағы, Ұлттық Банкінің 1993-2014 жылдардағы, Тұңғыш Президенті Қоры жанындағы Әлемдік экономика институтының 2003-2016 жылдардағы, «Kazakh Invest» ұлттық экспорт және инвестициялар агенттігінің 2019-2023 жылдардағы, ҚР Президентінің Телерадиоқешенінің 2014-2023 жылдардағы құжаттары және 2005 жылға қатысты бейнеқұжаттар, сондай-ақ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2020-2021 жылдардағы құжаттары қабылданды.

Ерекше құнды құжаттардың сақтандыру қорын қалыптастыру жұмысы жалғастырылып, барлығы 241 354 микрофильм кадры, оның ішінде Архив филиалы тарапынан – 80 354 кадр шығарылды. Архивті қайта орналастыру және істерді көшіру аяқталғаннан кейін архив қоймаларының топографиялық карталары әзірленіп, бекітілді. Қағаз тасымалдағыштардағы 17 073 іс (2 938 790 парақ) және 785 істің тізімдемесі (88 282 тақырып) цифрландырылып, «Архив қоры» ДБ-на жүктелді. Зерттеушілерге, қызметкерлерге әлеуметтік-құқықтық және тақырыптық сұрау салуларды орындау үшін, сондай-ақ тарихи-құжаттық көрмелерді дайындау мақсатында 25 005 сақтау бірлігі берілді.

Құжаттарды қалпына келтіру бойынша көрсеткіштерге қол жеткізілді: жоспарланған 50 000 парақтың ішінде 1-2 күрделі санаттағы 15 532 парақ және

3-4 күрделі санаттағы 35 002 парақ қалпына келтірілді. Сондай-ақ 23 096 іс бойынша құжаттарды техникалық ресімдеу (*құжаттарды тігу*) жұмыстары жүргізілді.

#### **«Архив қорын жинақтау» бағыты бойынша**

Жоспардың 5 тармағының көрсеткіштері толық орындалды. Архивті жинақтау көздері болып табылатын ұйымдармен жұмыс бекітілген бірлескен жоспарлар негізінде жүргізілді. Есептік кезеңде құжаттарды жүргізу мен архивтік сақтаудың жай-күйін зерделеу мақсатында Архивті жинақтау көздері болып табылатын ұйымдарда барлығы 11 тексеру ұйымдастырылып, оның ішінде 4 қайта тексеру жүргізілді.

Ұлттық архив қорының құрамын сапалы толықтыру бойынша ауқымды жұмыс жүзеге асырылды. Басқарушылық істердің құндылығына сараптама жүргізу бойынша жоспарлы көрсеткіш 7 400 сақтау бірлігін құрағанымен, қосымша 3 441 іс өңделіп, оның ішінде 2017 жылғы ҚР Президенті Әкімшілігінің 1 480 ісі, сондай-ақ ҚР Президентінің жеке архивінің 1 415 ісі бар. Жеке тектегі құжаттар бойынша жоспарланған 470 сақтау бірлігінің орнына 691 іс қалыптастырылып, мемлекеттік сақтауға берілді. Көрсеткіштің артуы қор ұстаушы тарапынан шарт жасасу барысында қоғам және мемлекет қайраткері Ә.Кекілбаевтың жеке архивінен қосымша 221 құжаттың тапсырылуымен байланысты. Жеке тектік қорлар бойынша 2 717 ішкі тізімдеме жасалды.

ҚР Президентінің Телерадиокешінінің 2016-2017 жылдардағы аудиовизуалды құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу жөніндегі жоспар 405 сақтау бірлігі көлемінде толық орындалды.

Есептік кезеңде Архивтің Сараптау-тексеру әдістемелік комиссиясының (*бұдан әрі – СТӘК*) 27 отырысы өткізіліп, 128 материал қаралды. «ҚБП» құжаттарды айқындау жөніндегі комиссияның жұмысы ұйымдастырылды. Сондай-ақ Архивтің Орталық сараптау комиссиясының құрамы (*Архив директорының 2025 жылғы 22 қазандағы № 90-Ө бұйрығы*) және «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісі бар қызметтік құжаттардың ведомстволық тізбесі (*ОСК-нің 2025 жылғы 5 қарашадағы хаттамасы*) бекітілді.

Ведомстволық архивтердің қызметіне бағалау жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша жинақтау көздері болып табылатын мемлекеттік ұйымдардың рейтингісі қалыптастырылды (*2025 жылғы 27 наурыздағы № 25-1384 (24-2295)*). Рейтинг қорытындысы бойынша ақпарат ҚР Президенті әкімшілігіне енгізілді. (*2025 жылғы 7 наурыздағы №41-ІІ хаты*).

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі Е.Д. Адаевтың төрағалығымен Архивті жинақтау көздері болып табылатын ұйымдардың басшыларымен құжаттаманы жүргізу мен архив ісін жетілдіру мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өтті (*2025 жылғы 27 қыркүйектегі № 25-01-42.9 хаттама*). Аталған кеңестің хаттамасын орындау мақсатында ведомстволық архивтердің қызметін жыл сайынғы бағалау көрсеткіштерінің тізбесіне Архивті жинақтау көздері болып табылатын ұйымдарда төтенше жағдайлар кезеңінде архив құжаттарын эвакуациялау тәртібін әзірлеу және бекіту жөніндегі талап енгізілді (*Архив директорының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 124-Ө бұйрығы*).

**«Архивті ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын сақтау және зерделеу жөніндегі республикалық орталық ретінде қалыптастыру» бағыты бойынша** Жоспарда көзделген барлық 9 тармақтың орындалуы қамтамасыз етілді.

ҚР ПМ-нің және ҚР Бас прокуратурасының арнаулы мемлекеттік архивтерінен (*бұдан әрі – АрМА*) қабылданған құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу жүргізіліп, жоспарланған 85 000 істің орнына Ұлттық архив қорының құрамына 83 137 іс енгізілді. Жоспар көрсеткішінің өзгешілігі ғылыми-техникалық өңдеу барысында есептік деректерді нақтылау және істердің нақты құрамын айқындаумен байланысты болды.

2 678 тұлғаға қатысты 1 792 сұраныс орындалып, оның ішінде жеке (*1 201*) және заңды тұлғалардан (*591*) келіп түсті. Сұраныстардың ең көп бөлігі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау рәсімдерін жүргізуге байланысты прокуратура органдарынан түсті. Сұраныстар мен өтініштердің географиясы еліміздің барлық өңірлерін қамтыды. Шетелден келіп түскен сұраныстардың басым бөлігі Ресей, Германия, Украина, Беларусь, Польша, Израиль, Литва, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Америка Құрама Штаттары, Австралия, Армения, Түркия және Молдовадан тіркелді.

Қазақстан аумағындағы соттан тыс органдардың отырыс хаттамалары бойынша архив құжаттарын ғылыми зерттеу тұжырымдамасы әзірленді, (*2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 18-0/927-вн. хаты*). «Қуғын-сүргін жылдарындағы отбасылар тағдырлары архив құжаттарында» тақырыбында дөңгелек үстел және тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылып, өткізілді. Дөңгелек үстел материалдарының жинағы 100 дана таралыммен жарық көрді.

«Н. Нұрмақов. Құжаттар жинағы» атты құжаттық жинақ жарық көрді (*таралымы – 500 дана*). Н. Нұрмақовтың 130 жылдығына арналған құжаттық жинақтың таныстырылымы және тарихи-құжаттық көрме өткізілді. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп «Қазақстанның қуғын-сүргінге ұшыраған байлары» атты ақпараттық-анықтамалық басылымды шығару жұмыстары аяқталып, баспаға дайындалды.

Есептік кезеңде «Аманат» дерекқорына 2 012 саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлға туралы мәліметтер енгізілді. Қазіргі уақытта дерекқорда 6 955 адамға қатысты ақпарат бар. ҚР Бас прокуратурасының Арнаулы мемлекеттік архивінен (*бұдан әрі – АрМА*) 3 864 іс, 32 048 карточка қабылданды.

2025 жылы барлығы 571 архивтік-тергеу істері қаралып, құпиясыздандырылды.

**«Архивті жетекші ғылыми-зерттеу және әдістемелік орталық ретінде дамыту» бағыты бойынша** Жоспардағы 13 тармақтың барлық көрсеткіштеріне қол жеткізілді.

3 аналитикалық шолу дайындалды:

1) «ҚР Президенті мен оның Әкімшілігі құжаттарын қорландыруды ұйымдастыру: шетелдік тәжірибемен салыстырмалы талдау және жұмысты жетілдіру ұсыныстары» (*СТӘК-тің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 01-04/14 хаттамасы*). Қорытындысы бойынша ҚР Президентінің Әкімшілігіне Президент Әкімшілігі қорының қалыптастырылуына жаңа тәсіл енгізу жөнінде ұсыныс жолданып, ол Мемлекет басшысы тарапынан қолдау тапты (*«Келісемін» деген резолюция, 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 25-4189*).

2) «Құжаттарды ведомстволық сақтаудың мерзімдерін қысқарту: ҚР Президентінің Архивін жинақтау көздері болып табылатын ұйымдар үшін тәуекелдер мен перспективалар» (*СТӘК-тің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 01-04/14 хаттамасы*). Анықталған құқықтық коллизиялар мен заңнамадағы олқылықтар бойынша архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы

уәкілетті органға ұсыныстар жолданып, олар жұмысқа қабылданды (2025 жылғы 25 шілдедегі № 29-01-29/1454 хаты).

3) «1920–1950 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың персоналды мәліметтерді қамтитын архив құжаттарына қол жеткізу мәселелері: қазіргі жай-күйі және шешу перспективалары» (СТӘК-тің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 01-04/25 хаттамасы).

Құжаттану және архив ісі бойынша әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу жөніндегі Жоспардың 29-тармағын орындау мақсатында 4 жадынама, 1 нұсқаулық, 1 практикалық басшылық және 1 әдістемелік ұсынымдар дайындалып, олар Архивтің СТӘК отырыстарында қаралып, жұмыста қолдануға ұсынылды.

Мемлекет басшысының жеке архивін қалыптастыруға арналған әдіснамалық құралдарды әзірлеу мақсатында «Қазақстан Республикасы Президентінің жеке архиві құжаттарына тапсыру тізімдемесін жасау жөніндегі жадынама» әзірленді (СТӘК-тің 2025 жылғы 8 тамыздағы № 01-06/11 хаттамасы).

«Қазақстан Республикасы Президенті Архивін қазіргі заман тарихының құжаттарымен жинақтау: тәжірибе, проблемалар және перспективалар» атты ұжымдық монография жарық көрді (Ғылыми кеңестің 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 1 хаттамасы). Кітапта Архивтің 2023-2025 жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмысының (бұдан әрі – ФЗЖ) қорытындылары жасалып, Президент Архивінің қызметі мысалында архив ісінің негізгі бағыттары бойынша өзекті мәселелерге талдау жасалған, сондай-ақ Қазақстандағы архив саласын жетілдіру жолдары ұсынылған. Зерттеу жұмысының практикалық нәтижесі ретінде архив ісін ғылыми және әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеудің жаңа тақырыптары әзірленді (оның ішінде құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу кезінде квалиметрия әдістерін қолдану, архив саласында ГАЖ-технологияларын пайдалану, просопографиялық деректер базасын құру және т.б.). ФЗЖ нәтижелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да архивші кадрларды даярлау барысында білім беру үдерісіне енгізілді.

«Ерлікке тағзым» атты кітап дайындалып, жарыққа шығарылды (таралымы – 1 000 дана). 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған құжаттық жинақтың таныстырылымы және тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылып, өткізілді. Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығына арналған альбом (таралымы-100 дана), «Мемлекеттік билік органдары. 1991–2024 жж. Төртінші шығарылым» атты анықтамалықтың қолжазбасы (таралымы-500 дана) жарық көрді.

«Д.А. Қонаев» құжаттары мен материалдар жинағының қолжазба макетін дайындау жұмыстары аяқталды (1, 2, 3 том, 1800 бет). Құжаттар жинағы архивтер саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Ресей–Қазақстан комиссиясының 2026-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілді. Ақпарат (жинақты басып шығарудың тұжырымдамасы, құрылымы, Қазақстанның жақын және шетел архивтерінен құжаттарды анықтау туралы мәліметтер) Федералдық архив агенттігіне (бұдан әрі – Росархив) жолданды (2026 жылғы 5 қаңтардағы №01-0/2-II шығыс хаты).

Жоспардан тыс, басшылықтың тапсырмасы және өндірістік қажеттілікке байланысты 2 аналитикалық шолу дайындалды: 1) архив мекемелерінде аудиовизуалды құжаттарды сақтауға арналған оптикалық дискілерді пайдалану жөніндегі халықаралық стандарттар бойынша; 2) құжаттарды мерзімінен бұрын қабылдау, оларды ғылыми айналымға енгізу, оның ішінде «ҚБП» белгісі бар құжаттар және архив қорларды ерекшелендіру мәселелері бойынша. Сондай-ақ архив ісі мен

құжаттану саласы үшін мамандар даярлау мәселелері жөнінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізілді (*ҚР ҒЖБМ-не 2025 жылғы 21 мамырдағы № 01-0/289-И хат*).

Архивті ғылыми-зерттеу орталығы ретінде дамытудың маңызды құрамдас бөлігі сараптамалық жұмыс болып табылады. Есептік кезеңде Архивтің қызметі архив ісін құқықтық реттеу мәселелерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге бағытталды. «Ашық НҚА» порталында орналастырылған нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қорытындылар дайындау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілді (*2025 жылғы 5 наурыздағы № 135-И, 2025 жылғы 14 наурыздағы № 01-0/116-вн, 2025 жылғы 5 тамыздағы № 01-0/448-И, 2025 жылғы 13 қарашадағы № 01-0/617-И*). Архив қызметкерлері ҚР «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңына түзетулер топтамасын қалыптастыруға, сондай-ақ ҚР кейбір заңнамалық актілеріне архив ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы жөніндегі Парламент Мәжілісінің жұмыс тобының отырыстарына қатысты.

«Мемлекеттік архивтерді қазіргі заман тарихының құжаттарымен жинақтаудың өзекті мәселелері» және «Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Конституция – демократияның маңызды институты» тақырыптарында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, өткізілді (*2025 жылғы 18 сәуір және 25 тамыз*).

«Жаңа Архив» ғылыми-әдістемелік журналының 4 саны жарық көріп, онда 56 ғылыми мақала жарияланды. Авторлар құрамына 78 адам кіріп, оның ішінде 66 қазақстандық автор, соның ішінде Архивтің 32 қызметкері, сондай-ақ 12 шетелдік автор бар.

Архивтің Ғылыми кеңесінің 2 отырысы өткізілді (*СТӘК-тің 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 1 және 5 желтоқсандағы № 2 хаттамалар*).

Ағымдағы жылдың 8-12 маусымы аралығында Астана қаласында өтетін III Архившілер Конгресін дайындау және өткізу бойынша жұмыс басталды. Конгрестің тақырыбы мен өткізу форматы Мемлекет басшысымен келісілді (*2025 жылғы 5 қыркүйектегі № 01-0/510-И хат*), тұжырымдама мен бағдарламаның жобасы әзірленіп, әлеуетті қатысушыларға ақпараттық шақыру хаттары жолданды.

### **«Білім беру жобаларын іске асыру және халықаралық ынтымақтастық» бағыты бойынша**

Есептік кезеңде барлығы 12 оқыту іс-шарасы өткізіліп, оның ішінде 10-ы Архивті жинақтау көздері болып табылатын ұйымдардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметтері мен ведомстволық архивтерінің қызметкерлеріне арналды. Семинарларға Архивті жинақтау көздері болып табылатын 30 ұйымнан 562 өкіл қатысты.

Жас архившілердің VIII Халықаралық жазғы мектебі аясында ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясымен бірлесіп «Тиімді команданы басқару» тренингі және «Ведомстволық архивтің «Е-Архив» ақпараттық жүйесіндегі жұмысын ұйымдастыру: практикалық кейстер» тақырыбында семинар ұйымдастырылып, өткізілді. Архив қызметкерлері «Ғылым ордасы» ШЖҚ РМК базасында «Құжаттарды реставрациялау» курстарына қатысты.

Жетекші архив, ғылыми-зерттеу және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты дамыту мақсатында барлығы 7 меморандум жасалды, оның ішінде 4-і отандық ұйымдармен (*ШЖҚ РМК «Ғылым ордасы», Astana IT University, ҚР Президенті жанындағы әлеуметтік жағынан осал санаттағы азаматтардың құқықтары жөніндегі уәкіл,*

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл) және 3-і шетелдік ұйымдармен (Иордания Королі Абдалла II бен әл-Хусейннің Қазақстанға сапары барысында Иордания Ұлттық кітапханасымен, Қатар Ұлттық архивтерімен, сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің 2025 жылғы 18 желтоқсанда Жапонияға ресми сапары шеңберінде Жапония Ұлттық архивтерімен) жасалды.

Шетелдік архив мекемелерімен, ұйымдарымен біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша нәтижелі екіжақты байланыстарды жолға қоюға ерекше көңіл бөлінді.

2024 жылғы қарашада Франция Республикасына жасалған мемлекеттік сапардың қорытындысы бойынша Президенттің берген тапсырмасын орындау мақсатында Архив пен Франция Республикасының Ұлттық архивтері арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумды іске асыру жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған жоспар әзірленіп, бекітілді (ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 10776 ПАБ-3 резолюциясымен бақылаудан алынды).

Жылдың екінші жартысында Архивке 15 елдің архив мекемелерінің өкілдері жұмыс сапарымен келді. Олардың қатарында Халықаралық архивтер кеңесінің президенті, Люксембург Ұлттық архивінің директоры Жозе Кирпс, Біріккен Араб Әмірліктерінің Ұлттық кітапханасы мен архивтерінің Бас директоры, Мәртебелі Абдулла Маджид әл-Али бастаған делегация, Польша Мемлекеттік архивтерінің директоры Павел Петшик жетекшілік еткен, сондай-ақ Қатар Ұлттық архивтерінің Бас хатшысы, доктор Ахмад Абдулла әл-Буйенайн басқарған делегациялар болды.

Есептік кезеңде тәжірибе алмасу және іс-шараларға қатысу мақсатында Архив делегациясының шетелдік мемлекеттерге жұмыс сапарлары жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 22–24 сәуір аралығында Архив делегациясы Иорданияның Амман қаласында өткен «Ұлттық кітапханалар мен архивтер және олардың өзгермелі цифрлық орта жағдайындағы ұлттық жадыны сақтаудағы рөлі» атты халықаралық конференцияға қатысты. Іс-шара аясында Қатар Ұлттық архивтерінің Бас хатшысы Ахмад әл-Буйенайнмен және Иордания Хашимит Корольдік сарайы жанындағы Хашимит құжаттама орталығының Бас директоры Муханнад әл-Мубайдинмен екіжақты кездесулер өткізіліп, серіктестікті дамыту перспективалары, бірлескен жобаларды іске асыру және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою мәселелері талқыланды.

4-7 маусым аралығында Архив делегациясы Ресей Федерациясының Федералдық архив агенттігі (Росархив) және Құжаттану және архив ісі жөніндегі Бүкілресейлік ғылыми-зерттеу институты (ҚАІЖБҒЗИ) ұйымдастырған «Цифрлық дәуірдегі құжаттық мұра: нақты және виртуалды» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жұмысына қатысты. Конференция бағдарламасына сәйкес Архив директоры Ә.Қ. Мұстафина Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті (бұдан әрі – РМГУ) базасында қонақ дәріс өткізді.

29 шілде – 10 тамыз аралығында Архив қызметкерлері (С.М. Шайжанова мен Б.Б. Ақтайлақ) Мәскеу қаласында РМГУ базасында өткен «Еуразиялық кеңістіктегі тарихи үдерістер: зерттеудің әдіснамасы мен жаңа тәсілдері» атты Халықаралық жазғы институттың жұмысына қатысты.

27 қазан – 3 қараша кезеңінде Архив делегациясы (К.Ш. Әлімғазин, Н.У. Шаяхмет) Францияның Париж қаласына Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды Франция Ұлттық архивтері қорларынан анықтау мақсатында іссапармен барды. Сапар аясында 3 қарашада Архив директоры Ә.Қ. Мұстафина бастаған

делегация Франция Ұлттық архивтерінің директоры Мари-Франсуа Лимон-Бонне және Францияның Еуропа және сыртқы істер министрлігі архивінің директоры Венсан Браконнемен ынтымақтастықтың алдағы перспективаларын талқылау үшін кездесу өткізді.

Жыл бойы Архив басшылығы мен қызметкерлері ғылыми баяндамалармен 10 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

*Анықтама ретінде:*

1. *Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған XIII Халықаралық тарихи-архивтік форум (Ж.Т. Байқаиш, 2025 жылғы 15 сәуір, РФ Самара қ., онлайн);*

2. *«Ұлттық кітапханалар мен архивтер және олардың өзгермелі цифрлық орта жағдайындағы ұлттық жадыны сақтаудағы рөлі» атты халықаралық конференция (Ә.Қ. Мұстафина, 22–24 сәуір 2025 ж., Амман қ., Иордания);*

3. *«Цифрлық дәуірдегі құжаттық мұра: нақты және виртуалды» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (С.М. Кабзолдина, 4–7 маусым 2025 ж., Мәскеу қ., РФ);*

4. *Қазақстанның Архив күндері аясында өткен «Ақпараттық қоғамдағы архивтердің рөлі мен маңызы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Б.Д. Шайлазымов, 20–21 тамыз 2025 ж., Өзбекстан Бұқара қ.);*

5. *IV Қазан халықаралық құқықтық форумы (Ш.В. Тлепина, 3–4 қазан 2025 ж., РФ Қазан қ., онлайн);*

6. *Б.Б. Пиотровский атындағы I халықаралық ғылыми-сараптамалық форум (Ж.Т. Байқаиш, 12–13 қараша, Ереван қ., Армения);*

7. *«Архив – қоғамдық және мәдени тарихтың куәгері: архивтік теория мен практикадан мұра мен бірегейлікті зерделеуге дейін» атты халықаралық конференция (Е.С. Сыздықова, 27 қараша 2025 ж., Нови-Сад қ., Сербия, онлайн);*

8. *Мирзо Турсунзаде атындағы I халықаралық ғылыми-сараптамалық форум (Г.Е. Шаукентаева, 27–28 қараша, Душанбе қ., Тәжікстан);*

9. *«Цифрлық ортада құжаттаманы басқару» тақырыбындағы VIII Ұлттық ғылыми-тәжірибелік конференция (Е.С. Сыздықова, 24–28 қараша 2025 ж., РФ Мәскеу қ., онлайн);*

10. *«Ұлы Отан соғысы достастық халықтарының жадында: ортақ Жеңістің 80 жылдығына» атты халықаралық конференция (Ш.В. Тлепина, 4–5 желтоқсан, Санкт-Петербург қ., РФ).*

Архивтің Халықаралық архивтер кеңесімен (*бұдан әрі – ХАК*) өзара іс-қимылы нығаюда. 2025 жылғы 12 наурыздан бастап Архив директоры Ә.Қ. Мұстафина ХАК-тың «Сотта» журналының редакциялық алқасының құрамына енгізілді. 27–30 қазан аралығында Архив делегациясы Барселона қаласында өткен Халықаралық архивтер кеңесінің Конгресіне қатысты. Конгресс аясында Архив директоры Ә.Қ. Мұстафина «AI in archival practice» сессиясына төрағалық етті. Сессия барысында Қытай, АҚШ, Колумбия және Нигерия елдерінен келген жетекші сарапшылар архивтік практикада жасанды интеллектті пайдалану мәселелері бойынша ғылыми баяндамалар жасады. Сондай-ақ іс-шараның постерлік сессиясы аясында Архивтің халықаралық жобасы – Архившілер Конгресі таныстырылды.

10–13 маусым аралығында Архив әл-Фараби ат. ҚазҰУ және РМГУ-мен бірлесіп VIII Халықаралық жас архившілердің жазғы мектебін «Архивтердің цифрлық трансформациясы және құжаттық мұраны сақтау» тақырыбында өткізді. Жазғы мектеп жұмысына Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Түрікменстан және Өзбекстанның орталық, облыстық, қалалық және аудандық архивтерінен 100-ден астам маман, сондай-ақ «Архивтану және құжаттану» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер мен магистранттар қатысты. Жазғы мектеп бағдарламасы дәрістік сабақтармен қатар фасилитациялық сессияны, архив құжаттарын цифрландыру бойынша практикалық сабақты, тиімді команданы басқару жөніндегі

тренингті, сондай-ақ Astana Hub пен Президенттік орталыққа көшпелі экскурсияларды қамтыды. Лекторлар, спикерлер және менторлар ретінде Архив Президентінің, ҚазҰУ, РМГУ, ҚАІЖБҒЗИ, орталық мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың және өзге де ұйымдардың архив ісі мен цифрлық технологиялар саласындағы сарапшылары (*лекторлар, спикерлер және менторлар ретінде Архив Президентінің қызметкерлері Қ.Ш. Әлімғазин, Г.О. Бекишева, Н.У. Шаяхмет, Г.Ж. Мұқажанова, М.Д. Дүйсенбай, М.Ж. Күлікпаева, Е.М. Нұркишева, А.Т. Болатбаев, Қ.Д. Қабдулова, Б. Жұмабай, С. Сағынұлы, сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан Б.Е. Нұрпейісова, РМГУ-дан М.В. Ларин, О.Н. Букреева, ҚАІЖБҒЗИ-дан П.А. Кюн, орталық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор және өзге ұйымдардың өкілдері Ж.Б. Дубирова, Р.А. Бигари, М.К. Мукушев, Б.Б. Әбдікерем, М.В. Шиллер, И.А. Симонов*) қатысты.

Жастарға арналған әлеуметтік маңызы бар 3 жоба іске асырылды:

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп архивтану және іс жүргізу бойынша XVII Республикалық студенттік олимпиада өткізілді.

2) Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларымен бірлесіп «Архив құжаттарындағы менің отбасымның тарихы» атты мектеп оқушыларына арналған оқу-зерттеу жобаларының конкурсы ұйымдастырылып, өткізілді. Конкурстың қорытынды кезеңіне барлығы 154 оқушы қатысты (*Астана қ. – 53, Алматы қ. – 101*).

3) Астана қаласының 59 мектеп оқушысы қатысқан «Жас архивші» іс-шарасы өткізілді (*29 мамыр және 14 тамыз*). 30 қыркүйектен бастап Архив Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасымен бірлесіп архив ісін және елдің құжаттық мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған ArchiveSpace жобасын іске асыруда. Жоба аясында елорданың 13 мектебінен 385 оқушы Архивтің қызметімен танысты. Жобаны іске асыру 2026 жылы архив қорларын цифрландыру саласындағы IT-мамандарын, тарихшыларды, реставраторларды және басқа да сала мамандарын тарта отырып, модульдік сабақтар арқылы кеңейтілетін болады.

**«Архивтік ақпаратты ұсынуды ұйымдастыру» бағыты бойынша** барлығы 574 сұраным орындалды (*жоспар – 500*), оның ішінде 333 әлеуметтік-құқықтық және 241 тақырыптық сұраным. Оқу залында 417 зерттеуші жұмыс істеді, оның ішінде 21 шетелдік зерттеуші (*Ұлыбритания – 3, Венгрия – 1, Қытай – 2, Норвегия – 1, Ресей – 3, АҚШ – 5, Франция – 3, Швейцария – 2, Жапония – 1*). Барлығы 14 607 іс берілді, оның ішінде зерттеушілерге 7 315 іс цифрлық форматта ұсынылды.

Ұлттық архив қорының (*бұдан әрі – ҰАҚ*) құжаттарын кеңінен насихаттау мақсатында дәстүрлі және интерактивті форматта барлығы 12 тақырыптық көрме дайындалып, өткізілді, оның ішінде 8-і жоспарлы:

1. «Бірлігіміз жарасқан» – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған (*Алматы қаласында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта*);

2. «Ерлікке тағзым» – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған (*Астана қаласында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта, сондай-ақ Архивтің сайтында интерактивті форматта орналастырылды*);

3. «Қуғын-сүргін жылдарындағы отбасылар тағдырлары Архив құжаттарында» (*Алматы қаласында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта, сондай-ақ Архивтің сайтында цифрлық форматта орналастырылды*);

4. «Байқоңыр ғарыш айлағына – 70 жыл» (*Архивтің сайтында 3D форматта орналастырылды*);

5. «Конституция – демократияның маңызды институты» (*Астана қаласында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта*);

6. «Қазақстан Республикасы мен Иордания Хашимит Корольдігі: архив құжаттарындағы диалог тарихы» (жоспардан тыс, цифрлық форматта Иордания Хашимит Корольдігіндегі ҚР Елшілігіне жолданды);

7. «Архив шежіресі: Абайға тағзым» – Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған (Архивтің сайтында 3D форматта орналастырылды);

8. «Бейбітшілік пен келісім жолындағы конфессияаралық диалог» (Архивтің сайтында интерактивті форматта орналастырылды);

9. «БҰҰ: бейбітшілік пен ынтымақтастық жолындағы 80 жыл. Қазақстан БҰҰ жүйесінде» (Астана қаласында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта).

10. «Әбіш Кекілбаев: дәуір үні» (Астана қаласында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта, жоспардан тыс);

11. «Дәуір және тұлға: Н. Нұрмақов» (Астана және Қарағанды қалаларында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта, жоспардан тыс);

12. «Егемендікке жол ашқан тарихи құжат» (Алматы қаласында көрме стендтерінде дәстүрлі форматта, жоспардан тыс);

«Ашық қоғамға – ашық архив» жобасын іске асыру аясында Ашық есік күндері, Архив басылымдарының тұсаукесерлері, отандық және шетелдік архивтерден келген архивші-әріптестермен кәсіби кездесулер, экскурсиялар және өзге де іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралардың жалпы саны – 97, оған 2 236 адам қатысты, оның ішінде Иран, Катар, Қырғызстан, Молдова, БАӘ, Оман, Польша, Ресей, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Финляндия, Франция және т.б. елдерден келген шетелдік қонақтар болды.

**«Архивтің цифрлық трансформациясы және ақпараттық-іздістіру жүйелерін дамыту» бағыты бойынша** ЭАЖБАП жүйесін дамыту және оңтайландыру жөнінде кешенді іс-шаралар жүргізілді. Жүйе толық көлемде Алматы қаласынан Астана қаласына көшіріліп, қорғалған байланыс арнасы арқылы серверлердің синхронды жұмысы бапталды, тұрақты резервтік көшіру енгізілді және модульдер арасындағы интеграция қамтамасыз етілді. Жүйе автоматты OCR-тану, деректер мен есептерді (оның ішінде Excel форматында) жүктеу, электрондық формулярларды жүргізу және қорлардың жинақталған тізімдерін қалыптастыру бөлігінде жетілдірілді. Жүйені одан әрі жаңғырту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Архивтің 2030 жылға дейінгі цифрлық трансформация стратегиясы әзірленіп, бекітілді (Архив директорының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №31/120 бұйрығы). Стратегияның мақсаты – жасанды интеллектіні және басқа да цифрлық технологияларды енгізу арқылы Архивті кезең-кезеңімен жоғары технологиялы, клиентке бағдарланған ұйымға айналдыру. Стратегия Архив қызметін цифрландыруды және тиісті экожүйені қамтамасыз етуді көздейтін бес бағыттан тұрады. Стратегияны іске асыру нәтижесінде Архивтің ашықтық деңгейін арттыру және зияткерлік архив архитектурасына көшу жоспарланып отыр.

Архивтің цифрлық шешімдерін сапалы әзірлеу мен реинжинирингті ұйымдастыру мақсатында 12 қызметкер «ҚР Цифрлық үкіметін қолдау орталығы» ШЖҚ РМК базасында бизнес-процестерді реинжиниринг әдістемесі бойынша үшкүндік оқытудан өтті. Оқыту қорытындысы бойынша құрылған жұмыс тобы құрылымдық бөлімшелердің ережелерін және қызмет бағыттары бойынша есептік ақпаратты талдау негізінде «as-is» және «to-be» форматтарында 18 бизнес-процесс сызбасын әзірлеп, бекітті. Сондай-ақ платформалық және мобильді цифрлық

шешімдерді енгізу аясында «Архив+» мобильді қосымшасының прототипі әзірленіп, оның негізгі пайдаланушылық сценарийлері, архитектуралық қағидаттары мен пайдаланушы интерфейсінің логикасы айқындалды, функционалды кезең-кезеңімен кеңейту мүмкіндігі қарастырылды. Жоба функционалды кезең-кезеңімен кеңейту арқылы белсенді әзірлеу сатысында тұр (*хабарламалар, күнтізбелермен интеграция, электрондық кезек, QR-қолжетімді, көптілді, ішкі жүйелермен интеграция*).

Архивтің веб-ресурстарына техникалық қызмет көрсету аясында оларды әкімшілендіру, қолжетімділігін және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді. Тұрақты негізде мониторинг, техникалық қолдау және контентті жаңарту жүзеге асырылуда, интернет-ресурстардың тұрақты әрі үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді, сондай-ақ деректерді резервтік көшіру жүйесі енгізілді. 2025 жылдың 25 қыркүйегінде Архивтің ақпараттық қауіпсіздік саясаты бекітілді.

Архивтің ақпараттық жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін талдау және қорғау тиімділігін бағалау жүргізілді (*2025 жылға арналған аналитикалық есеп*). Жыл бойы Алматы қаласындағы филиалда жергілікті есептеу желісінің, серверлердің, компьютерлер және перифериялық құрылғылардың тұрақты жұмысы, іс-шараларды техникалық сүйемелдеу, Архив филиалының компьютер бағдарламаларының лицензиялары жаңартылды.

Электрондық құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында графигін Архивті жинақтау көздері болып табылатын ұйымдардың құжатайналым жүйелерінен «Е-Архив» ақпараттық жүйесіне құжаттарды көшіру графигін іске асыру жалғастырылды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі Е.Д. Адаевтың төрағалығымен өткен ведомствоаралық кеңестердің нәтижесінде бұл бағыттағы жұмыс жанданып, 10 ұйымда 2020 жылға дейінгі кезеңдегі құжаттардың миграциясы толық аяқталды. Бірқатар ведомстволарда, оның ішінде Президент Әкімшілігінде, құжаттар мемлекеттік сақтауға ішінара тапсырылды. Сонымен қатар, МО БКО желісінің өткізу қабілеті 100 Мбит/с-қа дейін арттырылды.

#### **Архив қызметінің БАҚ-да жариялануы.**

Архивтің оң имиджін ілгерілету, оның қызметінің негізгі бағыттары мен нәтижелері туралы көпшілікті ақпараттандыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында 106 материал жарияланды (*жоспар – 60*). Оның ішінде 55 материал жаңалық сайттары мен пабликтерде, 3 сюжет телеарналарда, 3 материал радиода және 18 материал баспа басылымдарында жарық көрді.

Іс-шаралар туралы ақпараттар Архивтің ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында да орналастырылды. Жалпы алғанда сайтта 113 пресс-релиз жарияланды (*2024 жылы – 90*). «Яндекс Метрика» веб-талдау қызметінің деректеріне сәйкес сайтты қарау саны 112,8 мыңды құрады (*2024 жылы – 110 246*). Instagram, Facebook, TikTok және Telegram әлеуметтік желілерінде 150-ден астам жарияланым орналастырылды (*2024 жылы – 121*), қаралым саны 797 260 болды (*2024 жылы – 118 052*).

Архивтің ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі парақшаларының жиынтық қаралым көрсеткіші 907,0 мыңды құрады, ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 229 298 болған. Жоспарлы көрсеткіш (*200 мың*) 4,5 есеге артық орындалды. Бұл

аудиторияның Архив қызметіне деген қызығушылығының артқанын және жалпы ақпараттық жұмыстың тиімділігінің жоғарылағанын көрсетеді.

Архив өткізетін іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу мақсатында, сондай-ақ халықаралық кездесулер барысында мекеменің қызметі мен архивтік үдерістер туралы қысқа әрі нұсқа ақпарат беру үшін Архив қызметкерлері әзірлеген бейнематериалдар пайдаланылды (оның ішінде «Ерлікке тағзым» іс-шарасына, Ә. Кекілбаевтың мұрагерлерімен келісімшартқа қол қоюға, Жазғы мектепті өткізуге арналған материалдар, Архив қызметі туралы қазақ және ағылшын тілдеріндегі 5 минуттық фильм, сондай-ақ Архившілер күніне арналған 12 минуттық деректі фильм және т.б.).

### **Құжаттамалық сүйемелдеу және персоналды басқару.**

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында 2 тимбилдинг, 2 экологиялық акция, сондай-ақ ұжымдық рухты нығайтуға және қызметкерлердің тартылу деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар салтанатты іс-шаралар өткізілді.

Архивтің 68 қызметкері біліктілігін арттырудан өтті, оның ішінде 62 қызметкер – отандық ұйымдарда, 6 қызметкер – шетелдік тағылымдамалар мен курстар аясында (оның ішінде 2 қызметкер – Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында орналасқан РМГУ жанындағы Жазғы институт аясында, 3 қызметкер – Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (ТІКА) ұйымдастырған «Құжаттарды қалпына келтіру» тақырыбындағы оқу курстарында, 1 қызметкер – Италияның Рим қаласындағы Орталық қалпына келтіру институты мамандарының дәрістерінде).

Қызметкерлердің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша біліктілігін арттыру аясында Архивтің 4 қызметкері «тарих» мамандығы бойынша екінші жоғары білім, 1 қызметкер «экономика» мамандығы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім алды.

Архив қызметкерлерінің қызмет тиімділігіне тоқсан сайын бағалау жүргізіліп отырды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының 2020 жылғы 22 мамырдағы № 20-01-38.20 бұйрығымен бекітілген азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу қағидаларына сәйкес, қазан айында Архивтің 58 азаматтық қызметкері аттестаттаудан өтті. Аттестаттау қорытындысы бойынша 55 қызметкер, оның ішінде А блогының 13 азаматтық қызметкері атқарып отырған лауазымдарына сәйкес деп танылды, 3 қызметкерге қайта аттестаттаудан өту ұсынылды.

Жоспарлы іс-шаралардың орындалуын бақылау Архивтің 2025 жылға арналған Жылдық жұмыс жоспарын бекіту арқылы жүзеге асырылды, оның орындалу барысы және көрсеткіштерге қол жеткізбеу тәуекелдері туралы тиісті есеп тоқсан сайын Архив басшылығына ұсынылып отырды.

Кадрлық іс жүргізу «Бірыңғай кадрлық жүйе» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – БКЖ) жүзеге асырылады. 87 қызметкердің жеке карточкаларын өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізіліп, жаңадан қабылданған қызметкерлер туралы деректер енгізілді. БКЖ-дегі («Анықтамалықтар» бөлігі) лауазымдар жөніндегі мәліметтер Enbek.kz порталындағы деректермен сәйкестендірілді, бұл еңбек шарттарын тіркеу және бұзу бойынша одан әрі жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Персоналды басқару қызметінің 2 қызметкері «БКЖ» АЖ-де жұмыс істеу бойынша 7 онлайн-оқыту және 1 офлайн-оқыту өткізді, оның ішінде қызметкердің жеке карточкасына деректер енгізу, HR-процестер бөлімін толтыру, есептерді қалыптастыру және өзге ақпараттық жүйелермен (Enbek.kz, ҰББДҚ, ЖТМДҚ) интеграциялау мәселелері қамтылды. Оқыту «Инженерлік-техникалық орталық» РМК қызметкерлерімен жүргізілді.

Нәтижелі еңбегі үшін Архив қызметкерлері мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды: «Кұрмет» орденімен – Архив директорының орынбасары Р.С. Кәрібжанова, «Ерен еңбегі үшін» медалімен – Архив директорының орынбасары Б.Ж. Шайлазымов, қызмет басшылары Қ.М. Қабарова, М.Т. Жылгелдинов, «Архив саласының үздігі» ведомстволық медалімен – Архивтің 3 қызметкері және 2 ардагері марапатталды.

2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында Архивтің құжат айналымы 4 129 құжатты құрады, оның ішінде: қызметтік хат-хабарлар – 1 726 құжат, соның ішінде 907-і бақылаудағы құжаттар, азаматтардың өтініштері – 1 994, ішкі хат-хабарлар, оның ішінде хаттамалар – 1 030 құжат. Құжаттардың және хаттамалық тапсырмалардың орындалу мерзімдерінің сақталуына жүйелі бақылау «Documentolog» және «е-Өтініш» ақпараттық жүйелерінің қадағалау құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Құжаттардың орындалу мерзімдерін сақтау, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың сұрауларына сапалы жауаптар беруді ұйымдастыру мақсатында жаңадан қабылданған қызметкерлерге аталған ақпараттық жүйелерде дұрыс жұмыс істеу тәртібі бойынша тұрақты түрде оқыту жүргізілді.

Архивтің 2023 жылға арналған тұрақты сақтауға жататын істердің тізімдемелері жасалып, құжаттардың құндылығына сараптама жүргізілді (*СТЭК-ның 2025 жылғы 13 қарашадағы № 01-04/21 хаттамасы*). Құжаттар мемлекеттік сақтауға тапсырылды.

#### **Қызметті қаржылық қамтамасыз ету.**

Есепті жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың толық игерілуі қамтамасыз етілді (*1 832 670,0 мың теңге бөлінді, игерілуі – 100%*).

Белгіленген лимиттерге сәйкес 2026–2028 жылдарға арналған бюджеттік сұрау бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне (*бұдан әрі – ББӘ*) әзірленіп, жолданды, бекітілген нысандар бойынша есептеулер және растайтын құжаттар топтамасы дайындалды.

Архивтің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу үшін 12 өтінім, оларға қоса негіздемелер мен есептеулер әзірленіп, ББӘ-ге жолданды.

«е-Минфин» ақпараттық жүйесі арқылы ҚР Президенті Әкімшілігіне Архивтің 2024 жылға және 2025 жылдың I жартыжылдығына арналған қаржылық және бюджеттік есептілігі, сондай-ақ 2024 жылдың I-тоқсаны және 2025 жылдың I–III тоқсаны бойынша дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есеп ұсынылды.

Мемлекеттік сатып алулар баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 66, өтпей қалған сатып алулар бойынша бір көзден – 22, конкурс тәсілімен – 12, ерекше тәртіпті қолдану арқылы – 1, электрондық дүкен арқылы – 1 рет өткізілді. Барлығы 97 шарт орындалды.

2026 жылға арналған мемлекеттік сатып алулардың алдын ала жоспары бекітіліп, оның мемлекеттік сатып алулардың веб-порталында орналастырылуы қамтамасыз етілді, конкурс тәсілімен – 15, баға ұсыныстарын сұрату арқылы – 11 сатып алу жарияланды.

Астана қаласындағы Архивтің жаңа ғимаратын пайдалануға беруіне байланысты ҚР ПИБ-нан өтеусіз алынған қорлар мен негізгі құралдарды қабылдау жүзеге асырылып, түгендеу нөмірлері беріліп, орналастырылды.

Архивтің Астана және Алматы қалаларындағы ғимараттарында түгендеу жүргізілді, оның нәтижелері бойынша артықшылықтар мен кемшіліктер анықталған жоқ.

### **Инженерлік-пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру.**

Астана қаласындағы ғимараттың жұмыс істеуі ҚР ПБ «ҚР Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» ШЖҚ РМҚ және «ҚР ПБ «Инженерлік-техникалық орталығы» ШЖҚ РМҚ-мен өзара іс-қимылдың бекітілген алгоритміне сәйкес жүзеге асырылады.

Филиалдың инженерлік-пайдалану қызметі тарапынан Алматы қаласындағы филиал ғимаратында тұрақты негізде құрылыстар мен оған іргелес аумаққа техникалық тексеру жүргізіліп, олардың тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайда ұсталуы қамтамасыз етілді, дератизация және дезинсекция жұмыстары атқарылды. Автоматты газды өрт сөндіру жүйесіне, 1-санаттағы электрмен жабдықтау жүйесіне дизель-генератор қондырғысын іске қосу арқылы профилактикалық тексерулер жүргізілді. Орынжайларға ағымдағы жөндеу жұмыстары орындалды, ғимарат периметрі бойынша бейнебақылау жүйесі жаңартылды, кіреберіс аумақта көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтатуға арналған анти-таран құрылғысы орнатылды. Ғимараттың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша оқу-тактикалық жаттығулар, сондай-ақ өрт-тактикалық жаттығулар өткізілді. Сонымен қатар ғимарат пен жабдықтарды күтіп-ұстау және қызмет көрсету бойынша жасалған шарттардың орындалуына тұрақты бақылау жүзеге асырылып, қойма есебін жүргізу жұмысы ұйымдастырылды.

## **Қорытындылар**

Архивтің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының барлық **85** тармағы, оның ішінде 2022-2025 жылдарға арналған Архивтің Стратегиялық жұмыс жоспарының **42** тармағы толық орындалды.

Астана қаласындағы Архив ғимаратының тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етіліп, Алматы қаласында филиал құрылды. Тәуелсіздік кезеңіне қатысты архив қорларын жоспарлы түрде қайта орналастыру жүргізілді. Астана қаласында құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдау басталып, қалпына келтіру және консервациялау зертханасы құрылып, табысты жұмыс істеуде. Бірлескен жоспарларды бекіту, тексерулер жүргізу және оқыту семинарларын өткізу арқылы жинақтау көздері болып табылатын ұйымдармен өзара іс-қимыл жүйелі түрде жолға қойылды. Архивтану және құжаттану саласындағы өзекті мәселелерді зерттеуді ғылыми және әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу қамтамасыз етілді, ҚР Президентінің Жеке Архивін қалыптастырудың әдіснамалық құралдарын әзірлеу жұмысы жалғастырылды. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығының қызметін жетілдіруге қажетті жағдайлар жасалды. Архив құжаттарын дәстүрлі және цифрлық ақпарат ұсыну нысандары мен әдістері арқылы кеңінен насихаттау және танымал ету бойынша кешенді іс-шаралар жүзеге асырылды. Отандық және шетелдік архив мекемелерімен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен ұзақ мерзімді әріптестік байланыстар орнатылды. Архив қызметін құқықтық, қаржылық, ұйымдастырушылық-техникалық, сондай-ақ кадрлық қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар іске асырылды.

Франция Республикасына жасалған мемлекеттік сапардың қорытындысы бойынша (2024 жылғы 4–5 қараша, Париж қ.) берілген Мемлекет басшысының тапсырмасының 1.26-тармағы Архив пен Франция Республикасының Ұлттық архивтері арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру шеңберінде орындалды.

Архивті дамытудың 2035 жылға дейінгі тұжырымдамасының I кезеңінің 2022–2025 жылдарға арналған Архивтің стратегиялық жұмыс жоспарын іске асырудың қорытындылары шығарылды. 2026–2030 жылдарға арналған II кезеңнің стратегиялық жоспары әзірленіп, бекітілді. Архивтің цифрлық трансформация Стратегиясы бекітілді.

### **2026 жылға арналған міндеттер**

Архивтің қызметі 2035 жылға дейінгі Архивті дамыту тұжырымдамасының II кезеңінің (2026–2030 жж.) көрсеткіштеріне қол жеткізуге, сондай-ақ Архивтің 2026–2030 жылдарға арналған Стратегиялық жұмыс жоспарына енгізілген 2026 жылғы іс-шараларды іске асыруға бағытталатын болады, оның ішінде:

1. ҰАҚ-ын жинақтау көздері болып табылатын мемлекеттік органдардың құжаттарымен (оның ішінде электронды) сапалы жинақтау бойынша кешенді шараларды атқару.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жеке архивін жасақтау процесіне әдіснамалық қолдауды жүргізу.

3. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты құжаттарды ҰАҚ құрамына енгізу бойынша жұмыстарды жетілдіру, консервациялық-профилактикалық және реставрациялық іс-шараларды жүргізу.

4. Архивті жетекші ғылыми, әдіснамалық және координациялық орталық ретінде орнын ары қарай нығайту, сондай-ақ Сарапшылар клубының әлеуетін пайдалану.

5. Мәдени-ағартушылық және білім беру жобалары арқылы ҰАҚ құжаттарын дәріптеу, сондай-ақ БАҚ-ында белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу.

6. Архивтің әлеуметтік маңызы бар іс-шаралары мен бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру мақсатында халықаралық ұйымдармен, отандық және шетелдік архивтік, ғылыми және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту.

7. Архив қызметін тиімді жүзеге асыру үшін кадрлық, қаржылық, құқықтық және ұйымдастырушылық-техникалық тұрғыда қамтамасыз ету.

8. 2030 жылға дейін Президент Архивінің Цифрлық трансформация стратегиясын іске асыру.

9. «Digital Archive EXPO» атты архившілердің III Конгресін ұйымдастыру және өткізу (2026 жылғы 8–12 маусым, Астана қ.)